

Мемлекеттің шет ел кредиторлары алдындағы міндеттемелерін орындау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 7 қазан N 474-ө

Мемлекеттің шет ел кредиторлары алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолттың туындауына жол бермеу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Стройфарфор", "Павлодартрактор" акционерлік қоғамдары үшін жалпы сомасы 5 815 413, 79 неміс маркасы болатын берешекті, сондай-ақ 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің "Сыртқы экономикалық қызмет" бөлімі бойынша көзделген шенберде есептелген айыппұл санкцияларының сомасын шет ел банктегі ұсынған шоттар негізінде өтесін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі "Стройфарфор" акционерлік қоғамын банкрот деп тану үшін республиканың сот органдарына материалдар берсін және республикалық бюджетке алынған қаражаттарды қайтару мақсатында банкrottыққа байланысты процедуралерды жүргізсін.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр